

"Ақмола облысының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 18 қыркүйектегі № А-10/398 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № А-8/415 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 қыркүйекте № 24304 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 18 тамыздағы № А-8/445 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 18.08.2025 № А-8/445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақмола облысы әкімдігінің "Ақмола облысының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 18 қыркүйектегі № А-10/398 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6111 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақмола облысының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы

ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының Ақмола облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімінің міндетін атқарушы

М.Таткеев

Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 18 тамыздағы
№ А-8/415 қаулысына
қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің
2017 жылғы "18" қыркүйектегі
№ А-10/398 қаулысына
қосымша

Ақмола облысының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері

Спорттық жарыстың атауы	Жүлделі орын	Төлемдерінің мөлшері (АЕК)
Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	250
	2 орын	200
	3 орын	150
	4 орын	130
	5 орын	120
	6 орын	110
Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы)	1 орын	150
	2 орын	120
	3 орын	110
Азия ойындары (жазғы, қысқы), (жабық жайдағы Азия ойындарын қоспағанда)	1 орын	120
	2 орын	110
	3 орын	100
	1 орын	80
	2 орын	70

Азия чемпионаты, Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы), жабық жайдағы Азия ойындары	3 орын	60
Қазақстан Республикасының Спартакиадасы (жазғы, қысқы) және Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын	60
	2 орын	50
	3 орын	40
23 жасқа толмаған спортшылары арасындағы Әлем чемпионаты	1 орын	70
	2 орын	60
	3 орын	50
23 жасқа толмаған спортшылары арасындағы Азия чемпионаты	1 орын	60
23 жасқа толмаған спортшылары арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын	50
	2 орын	40
	3 орын	30
Жасөспірімдер Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	70
	2 орын	60
	3 орын	50
Жастар арасындағы Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы)	1 орын	60
	2 орын	50
	3 орын	40
Жастар арасындағы Азия чемпионаты	1 орын	50
	2 орын	40
	3 орын	30
Қазақстан Республикасының Жастар спорт ойындары (жазғы, қысқы), жастар арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионаты	1 орын	40
	2 орын	30
	3 орын	20
Жасөспірімдер мен юниорлар арасындағы Әлем чемпионаты	1 орын	50
	2 орын	40
	3 орын	30
Паралимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	250
	2 орын	200
	3 орын	150
	4 орын	90
	5 орын	70
	6 орын	60
Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	250
	2 орын	200
	3 орын	150
	4 орын	90
	5 орын	70
	6 орын	60

Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша Әлем чемпионаты	1 орын	150
	2 орын	120
	3 орын	110
Азия Паралимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1 орын	120
	2 орын	110
	3 орын	100
Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша Азия чемпионаты	1 орын	80
	2 орын	70
	3 орын	60
Қазақстан Республикасының Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындары, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	1 орын	60
	2 орын	50
	3 орын	40
Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлерінен ересектер арасындағы Әлем чемпионаты	1 орын	100
	2 орын	80
	3 орын	70
Дүниежүзілік көшпенділер ойындары (ұлттық спорт түрлері бойынша)	1 орын	60
	2 орын	50
	3 орын	40
Ұлттық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты (ересектер)	1 орын	50

аббревиатураның толық жазылуы:

АЕК – айлық есептік көрсеткіш.